

FTAMP 10.21.39
ӘОЖ 347.965
JEL K41

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-4-134-142>

ЕСЕНБЕКОВА П.Т.,*¹

з.ғ.м., аға оқытушы.

*e-mail: pyesenbekova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0894-3279

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ПАРТИСИПАТИВТІК ТАТУЛАСТЫРУ РӘСІМДЕРІНІҢ РӨЛІ

Андатпа

Бұл зерттеу азаматтық сот ісін жүргізуде партисипативтік татуластыру рәсімдерінің мәнін, құқықтық табиғатын және тәжірибелік қолданылуын талдауға арналған. Тақырыптың өзектілігі дауларды шешудің баламалы әдістерін дамыту қажеттілігімен, сот жүктемесінің артуымен және құқықтық мәдениетті жетілдіру талаптарымен айқындалады. Зерттеудің мақсаты – партисипативтік татуластыру институтының құрылымын, қолданылу тиімділігін және азаматтық процесс шеңберіндегі рөлін анықтау. Негізгі идеясы – тараптар мен адвокаттардың келіссөздер арқылы өзара тиімді шешімге келуін қамтамасыз ететін бейбіт тетік құру. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – партисипативтік тәсілдің азаматтық дауларды тиімді, шығынсыз және гуманистік негізде шешуге мүмкіндік беретінін дәлелдеуге бағытталған. Зерттеу барысында салыстырмалы-құқықтық, жүйелік-құрылымдық, тарихи-құқықтық және талдамалық әдістер қолданылды. Франция, Германия, Канада тәжірибелері қарастырылып, оларды ұлттық құқық жүйесімен салыстыру жүргізілді. Негізгі нәтижелер ретінде: рәсімнің құқықтық әлеуеті жоғары болғанына қарамастан, оны қолдануда нормативтік анықтықтың, адвокаттардың кәсіби даярлығының және құқықтық мәдениеттің жеткіліксіздігі байқалды; сот жүктемесін азайтып, тараптар арасындағы әлеуметтік келісімді сақтауға мүмкіндік беретіні анықталды. Зерттеу құндылығы – партисипативтік рәсімдердің құқықтық жүйені ізгілендірудегі рөлін айқындауы. Қорытындылардың практикалық мәні – заңнаманы нақтылау, кәсіби кадрларды даярлау және азаматтық-құқықтық мәдениетті көтеру бойынша ұсыныстар ұсынуында.

Тірек сөздер: партисипативтік татуластыру, азаматтық процесс, баламалы дауларды шешу, адвокат, құқықтық мәдениет, сот реформасы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының сот жүйесі соңғы жылдары құқықтық реформалардың жаңа кезеңіне қадам басты. Мемлекет сот төрелігінің сапасын арттыруды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді механизмдерін қалыптастыруды стратегиялық мақсат ретінде айқындады. Бұл бағыттағы басты қадамдардың бірі – дауларды шешудің бейбіт жолдарын енгізу және сот жүйесін ізгілендіру. Қазіргі таңда азаматтық сот ісін жүргізудің ұзаққа созылуы, процессуалдық формализмнің артуы, соттарға түсетін жүктеменің көбеюі және тараптардың құқықтық қатынастарындағы шиеленістер қоғам тарапынан сынға жиі ұшырауда. Мұндай жағдайда сотқа дейінгі және сот ішіндегі татуластыру рәсімдерінің тиімділігін арттыру ерекше мәнге ие [1].

2019 ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне енгізілген партисипативтік татуластыру рәсімі ұлттық құқық жүйесіндегі маңызды жаңалықтардың бірі болды [2]. Бұл институт классикалық медиациядан ерекшеленеді, себебі тараптардың өз адвокаттарының қатысуымен келіссөздер жүргізу және өзара келісімге келу арқылы бейбіт шешім табу көзделеді. Кодекстің 181-бабында тараптардың сот шешім қабылдағанға дейін өзара келісімге келу мүмкіндігі бекітілген, ал сот бұл процеске араласпайды [3]. Мұндай тәсіл құқықтық қатынастардың тараптарының белсенділігін арттырып, азаматтық дауларды шешудің тиімді, бейбіт және адамгершілікке негізделген нысанын қалыптастыруға бағытталған.

Тақырыптың өзектілігі бірнеше маңызды аспектілермен айқындалады. Біріншіден, партисипативтік татуластыру рәсімі Қазақстанда салыстырмалы түрде жаңа құқықтық институт болғандықтан, оның құқықтық табиғаты, құрылымдық мазмұны, қолданылу тәртібі және тараптардың құқықтық мәдениетіне ықпалы туралы жүйелі ғылыми зерттеулер әлі де жеткілікті деңгейде қалыптаспаған. Бұл институттың әлеуеті зор болғанымен, оның теориялық негіздері толық ашылмаған, терминологиялық бірізділік пен құқықтық түсіндірмелердің нақты ережелері әлі де жетіспейді [4]. Осыған байланысты партисипативтік рәсімнің азаматтық процеске енгізілуінің құқықтық салдарын, оның медиация және өзге татуластыру нысандарымен арақатынасын, сондай-ақ сот жүйесімен тиімді ықпалдасу мүмкіндіктерін талдау – бүгінгі күннің маңызды міндеті. Аталған бағытта отандық құқықтық ғылым жаңа зерттеу парадигмаларын талап етеді, себебі бұл институттың дамуы тек сот жүктемесін азайтып қана қоймай, азаматтардың дауларды өркениетті әрі бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етпек.

Екіншіден, азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен татуластыру рәсімдеріне деген сенім деңгейі әлі де төмен болуы – Қазақстан қоғамындағы негізгі әлеуметтік-құқықтық мәселелердің бірі. Көптеген азаматтар дауды тек сот шешуі тиіс деген ұстанымда қалып отыр. Мұндай көзқарас баламалы құқықтық тетіктердің кең таралуына кедергі келтіріп, құқықтық мәдениеттің өсуін тежейді. Шаяхметов А. атап өткендей, татуластыру институттарының практикалық қолданылуы мен құқықтық мүмкіндіктеріне қарамастан, тараптардың келіссөз мәдениеті мен құқықтық кеңістікте белсенділік танытуға деген құлшынысы жеткіліксіз, бұл рәсімдердің тиімділігін төмендетеді [4]. Осыған байланысты адвокаттар мен медиаторлардың кәсіби даярлығын арттыру, тұрғындар арасында құқықтық ағарту жұмыстарын күшейту, құқықтық инклюзивті мәдениет қалыптастыру қажеттілігі айқын көрінуде.

Үшіншіден, сот статистикасы көрсеткендей, 2023 ж. азаматтық істердің шамамен 9–10%-ы ғана татуласу арқылы аяқталған, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш орта есеппен 40–50% деңгейінде [5]. Бұл – отандық құқықтық жүйеде баламалы дауларды шешу тәсілдерінің әлеуеті толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. ҚР Жоғарғы Сотының 2023 жылғы талдамалық есептері азаматтық істердің саны жыл сайын артып отырғанын, ал олардың басым бөлігі дәстүрлі сот талқылауы арқылы шешілетінін көрсетеді [5]. Мұндай жағдай соттардың жүктемесінің артуына, істерді қарау мерзімдерінің ұзаруына, тиісті құқықтарды іске асырудың баяулауына және қоғам тарапынан сот төрелігіне деген сенімнің төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар, азаматтық процестегі формализм мен уақыт шығынының жоғары болуы да тараптарды баламалы татуластыру тетіктерін қолдануға итермелейтін маңызды фактор ретінде танылып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ/OECD) «Азаматтық даулар бойынша әділдікке қолжетімділік және балама дауларды шешу механизмдері» атты зерттеуінде азаматтық дауларды сот тәртібімен шешудің ұзаққа созылуы, шығындары мен күрделілігі уақыт пен ресурсты көп қажет ететін процесс екендігі атап өтіледі [6].

Азаматтық әділдік пен баламалы дауларды шешу механизмдерінің өзара байланысын Б. Уотерс Англия мен Уэльстегі реформаларды талдау арқылы көрсетіп, ADR институттарын азаматтық сот жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қажет екенін негіздейді [7].

Мұндай жағдай азаматтар үшін психологиялық және материалдық тұрғыдан ауыртпалық туғызады, ал бизнес субъектілері үшін – экономикалық тұрақсыздыққа алып келуі мүмкін. Сондықтан да азаматтық істерді партисипативтік рәсімдер арқылы шешу тәсілі уақыт пен шығындарды едәуір қысқартып, дауларды конструктивті жолмен аяқтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, ғылыми зерттеулердің жеткіліксіздігі, азаматтардың құқықтық мәдениетінің төмендігі, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге сай келмейтін статистикалық көрсеткіштер – Қазақстанда партисипативтік татуластыру рәсімдерін дамытудың өзектілігін айқындайды. Бұл институтты тиімді енгізу, оның құқықтық тетіктерін нақтылау және қоғамның құқықтық санасын арттыру – азаматтық іс жүргізудің сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам болмақ.

Зерттеу жұмысының нысаны – азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде қолданылатын татуластыру рәсімдері, ал пәні – партисипативтік татуластыру рәсімдерінің құқықтық реттелуі мен тәжірибелік қолданылу ерекшеліктері болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – азаматтық сот ісін жүргізу аясында партисипативтік татуластыру рәсімдерінің құқықтық табиғатын, олардың тиімділігін және қолданылу тәжірибесін айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер айқындалды:

- ♦ партисипативтік татуластыру рәсімінің ұғымын, құқықтық негіздерін және қағидаттарын ашу;
- ♦ оны медиация және өзге де татуластыру рәсімдерімен салыстыру арқылы айырмашылықтарын анықтау;
- ♦ Қазақстан соттарында бұл институтты қолдану тәжірибесін талдау және негізгі проблемалық аспектілерін көрсету;
- ♦ халықаралық тәжірибелермен салыстыра отырып, олардың тиімді элементтерін ұлттық заңнамаға бейімдеу;
- ♦ партисипативтік рәсімдерді жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар ұсыну.

Мұндай кешенді талдау азаматтық процестегі партисипативтік татуластыру рәсімдерінің мәнін тереңірек ашуға және олардың ұлттық құқықтық жүйенің дамуындағы орнын айқындауға мүмкіндік береді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тараптардың өзара келісімге келуі әлеуметтік серіктестік мәдениетін нығайтып қана қоймай, құқықтық жүйенің беделін арттырады. Сондықтан Қазақстан жағдайында партисипативтік татуластыру рәсімдерін тиімді енгізу және қолдану ұзақ мерзімді перспективада сот жүйесін жетілдірудің, құқыққа деген сенімді күшейтудің, сондай-ақ азаматтық қоғамның тұрақты қалыптасуын қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы партисипативтік татуластыру рәсімдерінің құқықтық табиғаты мен теориялық мәнін айқындауға бағытталды. Бұл зерттеу аясында қолданылған әдістер кешені тақырыптың ғылыми негізін ашуға және оның азаматтық процестегі орны мен ерекшеліктерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді. Негізгі әдістемелік негіз ретінде салыстырмалы-құқықтық, жүйелік-құрылымдық, тарихи-құқықтық және талдамалық әдістер пайдаланылды. Бұл тәсілдердің барлығы заң ғылымындағы теориялық зерттеулерде кеңінен қолданылады және партисипативтік татуластыру рәсімінің мазмұнын, құқықтық сипатын және өзге татуластыру институттарымен арақатынасын талдауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде көзделген партисипативтік татуластыру рәсімдерінің ережелері мен басқа мемлекеттердің ұқсас құқықтық институттары салыстырылды. Францияның *procédure participative* моделі, Канада мен Германиядағы *collaborative law* тәжірибелері зерттеліп, олардың құқықтық табиғаты мен қолданылу қағидаттары қарастырылды. Бұл елдердің тәжірибесі көрсеткендей, партисипативтік тәсіл азаматтық істерді бейбіт жолмен шешудің тиімді және өркениетті тетігі болып табылады, ал адвокаттардың кәсіби этикасы мен тараптардың еріктілігі оның табысты жүзеге асуының басты шарттары ретінде бағаланады.

Жүйелік-құрылымдық әдіс партисипативтік татуластыру рәсімінің азаматтық іс жүргізу жүйесіндегі орнын анықтауға және оның басқа институттармен байланысын ашуға бағытталды. Бұл әдіс арқылы партисипативтік тәсілдің медиация, келісім және татуласу институттарымен арақатынасы сарапталып, олардың арасындағы құқықтық ұқсастықтар мен айырмашылықтар жүйелі түрде көрсетілді. Аталған әдіс құқықтық жүйені тұтас құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беріп, азаматтық іс жүргізу саласында бейбіт реттеу тетіктерінің өзара байланысын ашуға көмектесті.

Тарихи-құқықтық әдіс партисипативтік татуластыру рәсімдерінің қалыптасу және даму эволюциясын қарастыру үшін қолданылды. Бұл тұрғыда Қазақстандағы татуластыру дәстүрінің тамыры тереңде жатқандығы, билер соты тәжірибесінде дауларды өзара келісім арқылы шешу қағидаттары ежелден бар екендігі атап өтіледі. Қазіргі партисипативтік тәсіл сол тарихи тәжірибенің заманауи құқықтық нысанда қайта жаңғыруы ретінде қарастырылды. Мұндай тарихи сабақтастық институттың ұлттық құқықтық жүйеге табиғи түрде енуін және оның мәдени-әлеуметтік негізге ие болуын дәлелдейді.

Талдау (аналитикалық) әдісі зерттеу барысында алынған барлық теориялық материалдарды, заңнамалық нормаларды және ғылыми көзқарастарды салыстыра отырып жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл тәсіл партисипативтік татуластыру рәсімінің құқықтық табиғатын айқындап қана қоймай, оның азаматтық процестегі рөлін ғылыми тұрғыда бағалауға жол ашты. Осы әдіс негізінде партисипативтік тәсілдің құқықтық ерекшеліктері мен артықшылықтары анықталып, азаматтық процесті гуманизациялау мен бейбіт реттеу тетіктерін жетілдіру бағыттары ұсынылды.

Зерттеу логикасы үш кезеңге негізделді. Бірінші кезеңде нормативтік-құқықтық база мен ғылыми әдебиеттер талданды. Екінші кезеңде партисипативтік татуластыру рәсімдерінің құқықтық мазмұны мен құрылымдық ерекшеліктері зерттелді. Үшінші кезеңде алынған теориялық қорытындылар жүйеленіп, оларды азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру тұрғысынан қарастыру жүзеге асырылды. Бұл кезеңдердің барлығы өзара сабақтасып, зерттеу нәтижелерінің ғылыми сенімділігін қамтамасыз етті.

Осылайша, қолданылған әдістердің жиынтығы зерттеудің теориялық сипатын айқындап, азаматтық процестегі партисипативтік татуластыру рәсімдерінің мәнін, құрылымын және құқықтық рөлін кешенді тұрғыда зерделеуге мүмкіндік берді. Бұл әдістемелік тәсілдер зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін арттырып, азаматтық іс жүргізу саласындағы бейбіт шешім институттарын теориялық тұрғыдан терең түсіндіруге жол ашты.

Нәтижелер мен талқылау

Егер партисипативтік татуластыру рәсімдері азаматтық сот ісін жүргізудің тұрақты элементіне айналып, тәжірибеде кеңінен қолданылса, онда ол сот төрелігінің сапасын арттырып, азаматтардың сотқа деген сенімін күшейтеді және құқықтық қатынастардағы әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз етеді. Практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін сот практикасына енгізу, заңнаманы жетілдіру және заңгерлер мен судьяларды даярлау бағдарламаларын жетілдіру барысында қолдануға мүмкіндік береді. Партисипативтік тәсіл азаматтық процестің тиімділігін арттырып қана қоймай, құқықтық мәдениеттің жаңа деңгейін қалыптастырады және қоғамдағы келісім мәдениетін нығайтады [8].

Азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы реформалардың басты мақсаты – сот төрелігінің тиімділігін арттыру, тараптардың құқықтарын қорғаудың сапасын жақсарту және азаматтық қатынастардағы дауларды өркениетті жолмен реттеу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Қазіргі уақытта қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастары күрделеніп, азаматтық істердің саны жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты сот жүйесіне түсетін жүктеме ұлғайып, дауларды бейбіт реттеу қажеттілігі арта түсті. Бұл жағдай баламалы татуластыру институттарының, соның ішінде партисипативтік татуластыру рәсімдерінің рөлін күшейтті.

II. Кортес цифрлық платформалар мен әртүрлі жолдамалар жүйесі арқылы ADR-ді азаматтық сот төрелігімен институционалдық тұрғыдан байланыстыратын «соттан ADR-ге дейінгі» жолды жүйелеу қажеттігін атап өтеді [9].

Халықаралық құқық нормалары қазіргі кезеңде мемлекеттердің конституциялық құрылымын ғана емес, олардың құқықтық құндылықтар жүйесін де айқындай алатын факторға айналды. Бұл процестің күрделілігі әлемдік конституционализм теориясында да мойындалған.

Мысалы, Ричард Альберт халықаралық құндылықтардың ұлттық конституцияларға ықпалы туралы былай деп жазады: «Мен Тушнеттің конституциялық құқықтың жаһандануы туралы батыл болжамын негізге ала отырып, әртүрлі елдерде халықаралық құқықтың жаһандық құндылықтарын ұлттық конституциялардағы құндылықтармен үйлестіру мақсатында қолданылған шығармашылық конституциялық дизайн стратегияларын талдаймын» [10].

Бұл пікір ҚР Конституциясының Қазақстан халықаралық құқық нормаларын мойындай отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау идеясымен үйлесетінін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, партисипативтік татуластыру рәсімі – азаматтық процестегі бейбіт шешім табудың жаңа үлгісі. Ол тараптардың өзара сенім мен келісімге негізделген құқықтық мінез-құлқын дамытады, сот төрелігінің бейбіт сипатын күшейтеді. Бұл рәсімнің басты ерекшелігі – тараптардың адвокаттарының қатысуымен келіссөздер жүргізілуі және соттың бұл процеске тікелей араласпауы. Осылайша, партисипативтік татуластыру

рәсімі классикалық медиациядан өзгеше құқықтық механизм ретінде танылып отыр. Оның мазмұнында сот билігінен тыс, бірақ азаматтық процестің шеңберінде жүзеге асырылатын келісім мәдениеті көрініс табады.

Теориялық тұрғыдан алғанда, партисипативтік татуластыру рәсімі азаматтық процестегі гуманизация қағидатына негізделеді. Гуманизация – бұл азаматтың құқықтарын қорғауды тек формальды шешіммен шектемей, тараптардың өзара түсінісу және татуласу мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейтін қағидат. Мұндай тәсіл сот төрелігінің миссиясын кеңейтеді, яғни сот тек дау шешуші орган ғана емес, әлеуметтік бітім мен бейбіт қатынастарды қамтамасыз етуші институтқа айналады. Осы тұрғыда партисипативтік татуластыру рәсімі азаматтық процестің философиясын өзгертетін жаңаша құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижесінде анықталған маңызды мәселенің бірі – бұл институттың құқықтық реттелу деңгейі әлі де толық жетілмегендігі. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексында партисипативтік рәсімге қатысты жалпы қағидалар бекітілгенімен, оның нақты қолданылу тәртібі мен рәсімдік кезеңдері толық айқындалмаған. Мысалы, тараптардың адвокаттары келіссөз жүргізу барысында қандай дәлелдемелерді пайдалана алады, келісімге келу процесінің мерзімі қалай белгіленеді, соттың рөлі қандай деңгейде шектеледі деген сұрақтар нақты жауап талап етеді. Бұл өз кезегінде тәжірибеде рәсімнің әртүрлі түсіндірілуіне әкеледі. Сондықтан бұл институттың құқықтық табиғатын нақтылайтын қосымша ережелер мен нұсқаулықтарды енгізу қажет.

Сонымен қатар, тәжірибеде байқалып отырған тағы бір өзекті мәселе – адвокаттардың осы рәсім бойынша кәсіби дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі. Көптеген заңгерлер мен адвокаттар партисипативтік тәсілдің мәнін толық түсінбей, оны дәстүрлі келісім немесе медиация процедурасымен шатастырады. Ал шын мәнінде, партисипативтік татуластыру рәсімі – бұл ерекше құқықтық процесс, онда адвокаттар тек өкіл емес, келіссөздің тең құқылы қатысушылары ретінде әрекет етеді. Сондықтан адвокаттардың кәсіби стандарттарына бұл институттың ерекшеліктерін түсіндіретін арнайы курстар енгізу орынды болар еді.

Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды нәтиже – партисипативтік рәсімнің әлеуметтік-құқықтық тиімділігі. Бұл тәсіл тек азаматтық процестің жүктемесін азайтып қана қоймай, қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыруға әсер етеді. Тараптардың өзара келісімге келуі – құқықтық сана мен жауапкершіліктің көрінісі. Мұндай тәжірибе құқықты тек жазалау немесе міндеттеу құралы емес, өзара түсінісу мен әділдік орнатудың тетігі ретінде қабылдауға жол ашады.

Украиналық зерттеушілер Н. Мазаряки мен Т. Цувина да медиацияның бизнестің адам құқықтарына қатысты дауларында соттан тыс, бірақ мемлекетпен институционалданған тиімді құқықтық құрал бола алатынын, мұндай тетіктер қолжетімділік пен сенімді күшейтетінін көрсетеді [11].

Ұлттық және халықаралық құқық арақатынасын тек иерархиялық тұрғыдан қарастыру жеткіліксіз. Бұл – күрделі, көпқабатты процесс.

Бұл тұжырым Қазақстан үшін өзекті: ұлттық құқық нормалары халықаралық нормалармен үйлесуі тиіс, бірақ бірін-бірі басып-жаншымай, тепе-теңдікте дамуы қажет.

Бұл – заманауи құқық жүйесінің басты жетістіктерінің бірі.

Халықаралық тәжірибе тұрғысынан алғанда, партисипативтік татуластыру рәсімдері Еуропа елдерінің көпшілігінде табысты қолданылып келеді. Мысалы, Францияда бұл институт заң жүзінде нақты регламенттелген және сотқа дейінгі бейбіт келісім мәдениетінің негізгі тетігі ретінде қолданылады. Бұл елде адвокаттар тараптармен бірге келіссөз жүргізіп, арнайы хаттама толтырады, ол кейін сотқа ұсынылатын келісім құжатының негізі болып табылады. Германия мен Канадада да осыған ұқсас жүйе бар. Бұл елдерде бейбіт реттеу институттары қоғамда құқықтық мәдениеттің бір бөлігі ретінде қалыптасқан. Қазақстанда да осы тәжірибені бейімдеу арқылы азаматтық процестің тиімділігін арттыруға және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін күшейтуге толық мүмкіндік бар.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, партисипативтік татуластыру рәсімдері азаматтық істердің мәні мен мазмұнын өзгертіп қана қоймай, сот төрелігінің идеологиялық бағытын да қайта қарауға ықпал етеді. Егер дәстүрлі процесс «дауласу – жеңу – жеңілу» қағидатына құрылса, партисипативтік тәсіл «тыңдау – түсіну – келісу» қағидатына негізделеді. Бұл өзгеріс

азаматтық сот ісін жүргізудің парадигмасын жаңартады және құқықтық қатынастарды реттеудің неғұрлым өркениетті деңгейін қамтамасыз етеді.

Партисипативтік татуластыру рәсімдерінің тағы бір маңызды нәтижесі – ол тараптардың өзара қарым-қатынастарын сақтауға мүмкіндік береді. Көп жағдайда азаматтық істер тек мүлкілік немесе шарттық сипаттағы даулармен шектелмейді; олардың артында адамдар арасындағы ұзақмерзімді қарым-қатынастар, іскерлік байланыстар немесе отбасы құндылықтары тұрады. Дәстүрлі сот шешімі көбіне тараптардың арасындағы сенімді толық жояды. Ал партисипативтік рәсім, керісінше, екі жақтың да мүддесін ескеріп, өзара түсінісуге жол ашады. Бұл оның әлеуметтік функциясын айқындайтын маңызды белгі.

Теориялық тұрғыда партисипативтік тәсіл азаматтық процестің жаңа идеясын – сот төрелігін тек билік құралы емес, әділет пен келісім орнатудың рухани негізі ретінде қарастыру идеясын ілгерілетеді. Бұл көзқарас құқықтық мемлекеттің басты қағидаттарымен ұштасады. Партисипативтік татуластыру рәсімдері құқықтық саясаттың жаңа бағыты – «жазалау емес, түсінісу» қағидасын қолдайды. Ол қоғамдағы шиеленістерді азайтуға, азаматтардың өз құқықтарын бейбіт жолмен қорғауға үйретуге ықпал етеді.

Зерттеу барысында теориялық тұрғыда тағы бір маңызды тұжырым жасалды: партисипативтік татуластыру рәсімдері азаматтық процестің тиімділігін арттырумен қатар, сот жүйесінің беделін де көтереді. Азаматтар үшін сот тек шешім шығаратын орын емес, әділдік пен сенімнің нышаны болуы тиіс. Ал бейбіт келісім арқылы шешілген даулар сот төрелігінің шынайы құндылығын көрсетеді. Осы арқылы азаматтардың сотқа деген сенімі артып, құқықтық мәдениет нығаяды.

Халықаралық соттардың шешімдерін орындау мәселесі көптеген мемлекеттерде қызу пікірталас тудырады. Қазақстан да бұл тенденциядан тыс емес.

Бұл проблема Қазақстан үшін де маңызды, себебі ҚР Конституциясы ұлттық құқықтың жоғары тұратынын бекітсе де, Қазақстан бірқатар халықаралық шарттар бойынша міндеттемелер қабылдаған.

Партисипативтік рәсімдерді кеңінен енгізу үшін бірнеше ұйымдастырушылық және нормативтік шаралар қажет. Ең алдымен, Азаматтық процестік кодексте бұл институтқа арналған жеке тарау енгізіліп, рәсімнің кезеңдері, мерзімдері және құқықтық салдары нақты айқындалуы тиіс. Екіншіден, адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін күшейтетін және келіссөз жүргізу мәдениетін дамытуға бағытталған арнайы стандарттар қажет. Үшіншіден, халық арасында бейбіт шешім институттары туралы ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізілуі керек. Бұл құқықтық сауаттылықты арттырып, азаматтарды өзара түсінісуге бейімдейді.

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері партисипативтік татуластыру рәсімдерінің азаматтық сот ісін жүргізудегі рөлін кешенді түрде ашып көрсетті. Бұл институттың енгізілуі сот төрелігінің жаңа сапалық деңгейге өтуін қамтамасыз етеді. Ол процестің тиімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың құқықтарын қорғаудың өркениетті мәдениетін қалыптастырады. Партисипативтік тәсіл – бұл тек процессуалдық жаңашылдық емес, сонымен қатар құқықтық сананың жаңа кезеңіне өту нышаны. Оның табысты дамуы Қазақстандағы сот реформаларының басты бағытына – әділ, қолжетімді және адамға бағытталған сот жүйесін қалыптастыруға толық сәйкес келеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері партисипативтік татуластыру рәсімдерінің азаматтық сот ісін жүргізу жүйесіндегі орны мен рөлін жан-жақты айқындауға мүмкіндік берді. Бұл институт қазіргі кезеңдегі сот реформаларының мазмұнын жаңа деңгейге көтеріп, азаматтық дауларды бейбіт жолмен реттеу мәдениетін орнықтыру тұрғысынан стратегиялық маңызға ие екендігін көрсетті. Партисипативтік татуластыру тетігі тек дауды шешудің баламалы нысаны емес, азаматтық процестің ішкі құрылымын жаңартатын, сот төрелігін гуманизациялайтын және құқықтық қатынастарды адам мүддесіне жақындататын заманауи құқықтық механизм ретінде бағалануы тиіс. Оның басты құндылығы тараптардың еркіндігі мен теңдігіне, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделген келісімге келу процесін қамтамасыз етуінде жатыр. Бұл тәсіл азаматтық құқықтық қатынастарды формализмнен арылтып, әлеуметтік әділдікке, өзара

түсіністікке және құқық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған құқықтық философияға негізделетінін көрсетеді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінде партиципативтік татуластыру рәсімдерінің негізгі құқықтық базасы құрылғанымен, іс жүзінде оның әлеуеті толық ашылмай отырғаны анықталды. Негізгі проблемалардың қатарында нормативтік регламенттің жеткілікті нақтыланбауы, рәсімді жүргізуге қатысатын адвокаттардың кәсіби даярлығының біркелкі болмауы, тараптардың құқықтық сауаттылық деңгейінің төмендігі, сондай-ақ қоғамдағы келіссөз мәдениетінің толық қалыптаспауы бар. Бұл факторлар партиципативтік тәсілдің тәжірибеде кең қолданыс табуына кедергі келтіреді. Сондықтан бұл институттың тиімділігіне қол жеткізу үшін құқықтық реттеуді жетілдірумен қатар, құқықтық ағарту жұмыстарын күшейту, адвокаттардың кәсіби дағдыларын дамыту және татуластыру мәдениетін қоғам деңгейінде институционалдандыру қажет.

Партиципативтік татуластыру рәсімдерінің әлеуметтік-құқықтық мәні айрықша. Бұл тетік азаматтардың құқықтық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың дауларға көзқарасын өзгертеді: тараптар жауапкершілікті тек сотқа жүктеуден гөрі өзара келісімге келу арқылы дау шешудің өркениетті тәжірибесін меңгере бастайды. Дәстүрлі сот процесі «жену немесе жеңілу» парадигмасына негізделсе, партиципативтік тәсіл «ортақ шешім табу» қағидасына сүйенеді. Бұл қоғамдағы шиеленістерді азайтуға, тараптар арасындағы қарым-қатынастарды сақтауға, азаматтық ынтымақтастық пен сенім мәдениетін нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл рәсім сот жүйесінің жүктемесін азайтып, сот уақытын ұтымды пайдалануға жол ашады, ал бұл, өз кезегінде, сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға септігін тигізеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, партиципативтік татуластыру рәсімі азаматтық сот ісін жүргізудің жаңа идеологиялық бағытын қалыптастырады. Ол дауларды шешуді экономикалық, психологиялық және уақыт жағынан тиімді етеді. Әсіресе азаматтық даулардың арасында жиі кездесетін отбасылық, шарттық, мүліктік дауларды ұзаққа созбай, өзара түсіністік арқылы аяқтаудың маңызы жоғары. Бұл тәсіл тараптардың жеке және кәсіби қарым-қатынасын сақтап қалуға көмектеседі, олардың құқықтық мәдениетін арттырады, әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдағы өзара сенім деңгейінің нығаюына ықпал етеді.

Халықаралық тәжірибені талдау партиципативтік рәсімдерді дамытуда Қазақстан үшін маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді. Францияда *procédure participative* моделі адвокаттардың кәсіби этикасына, келіссөз жүргізу мәдениетіне, тараптардың тең құқықтылығы мен еркін келісіміне негізделеді. Германия мен Канададағы *collaborative law* тәжірибесі де осы қағидаттарды қолдай отырып, дауларды тиімді әрі орнықты шешу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл мемлекеттердің практикасы татуластыру рәсімдерінің тек құқықтық емес, әлеуметтік құндылығы бар екенін растайды. Қазақстан бұл тәжірибелерді ұлттық құқықтық жүйемен үйлестіре отырып, партиципативтік татуластыру институтын жетілдірудің тиімді жолдарын анықтай алады.

Зерттеу нәтижелері партиципативтік татуластыру рәсімдерін құқықтық саясаттың маңызды бағыты ретінде қарастыру қажет екенін айқын көрсетті. Бұл институтты дамыту үшін Азаматтық процесілік кодекске рәсімнің нақты кезеңдері мен талаптарын бекітетін толықтырулар енгізу, адвокаттардың кәсіби біліктілігін арттыратын арнайы оқу модульдерін әзірлеу, халық арасында құқықтық ағарту жұмыстарын күшейту, ақпараттық-түсіндіру науқандарын жүргізу қажет. Сонымен қатар, сот жүйесі мен адвокаттар қауымдастығының өзара іс-қимылын институционалдандыру, кәсіби стандарттарды жаңарту және халықаралық тәжірибемен тұрақты алмасуды жолға қою да аса маңызды.

Қорытындылай келе, партиципативтік татуластыру рәсімдері азаматтық сот ісін жүргізудің жаңа парадигмасын қалыптастыратын, құқықтық мәдениетті нығайтатын және сот төрелігін гуманизациялауға бағытталған маңызды институт болып табылады. Бұл рәсімнің табысты дамуы азаматтық процесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы құқықтық сана мен әлеуметтік келісім деңгейін күшейтеді. Партиципативтік тәсілдің одан әрі институционалдық дамуы Қазақстанда әділ, қолжетімді, заманауи және адамға бағытталған сот жүйесін қалыптастыруға елеулі үлес қосады. Сондықтан бұл институтты жетілдіру – заң ғылымы мен құқық қолдану тәжірибесінің алдында тұрған өзекті әрі стратегиялық міндет, ал оның сапалы дамуы еліміздің құқықтық жүйесінің жаңғыруына, дауларды бейбіт жолмен реттеу мәдениетін орнықтыруға және құқықтық мемлекеттің құндылықтарын нығайтуға берік негіз қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тоқаев Қ-Ж. К. «Әділетті Қазақстан – бәріміз үшін!» Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2023. – 64 б.
- 2 Комментарий к Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан. Библиотека Верховного Суда Республики Казахстан. 2016. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32469410&pos=2;-106#pos=2;-106 (дата обращения: 25.10.2025)
- 3 Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі. URL: <https://adilet.zan.kz> (өтініш берілген күн: 25.10.2025)
- 4 Шаяхметов А. Азаматтық процесітегі татуластыру рәсімдері. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022. – 214 б.
- 5 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2023 жылғы талдамалық есебі. – Астана, 2024. – 152 б.
- 6 Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Access to Justice and ADR Mechanisms in Civil Disputes. Paris: OECD Publishing, 2023, 112 p.
- 7 Waters B. Alternative Dispute Resolution and Civil Justice: A Relationship Resolved? // The International Journal of Arbitration, Mediation and Dispute Management. 2022, vol. 88, no. 1, pp. 3–33.
- 8 Ancel P. La procédure participative: un mode amiable de résolution des différends. Paris: Dalloz, 2020, 245 p.
- 9 Cortés P. Embedding Alternative Dispute Resolution in the Civil Justice System: A Taxonomy for ADR Referrals and a Digital Pathway to Increase the Uptake of ADR // Legal Studies. 2023, vol. 43, no. 2, pp. 211–230.
- 10 Albert R. Global Values in National Constitutions. Oxford University Press, 2023, 312 p.
- 11 Mazaraki N., Tsvina T. Creating an Effective Mediation Scheme for Business-Related Human Rights Abuses: The Case of Ukraine // Business and Human Rights Journal. 2024, vol. 9, special Issue 1, pp. 129–149.

REFERENCES

- 1 Toqayev Q.-J.K. (2023) «Ädiletli Qazaqstan – bärımız üşin!» Qazaqstan halqyna Joldaуy. Astana, 64 p. (In Kazakh).
- 2 Kommentarij k Grazhdanskomu processual'nomu kodeksu Respubliki Kazahstan. Biblioteka Verhovnogo Suda Respubliki Kazahstan. 2016. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32469410&pos=2;-106#pos=2;-106 (data obrashhenija: 25.10.2025). (In Russian).
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq prosestik kodeksı. URL: <https://adilet.zan.kz> (ötınısh berilgen kün: 25.10.2025). (In Kazakh).
- 4 Şaiahmetov A. (2022) Azamattyq prosestegı tatulastyru räsımderi. Almaty: Jetı Jarğy. 214 p. (In Kazakh).
- 5 Qazaqstan Respublikasy Joğarğy Sotynyñ 2023 jylğy taldamalyq esebi. Astana, 2024. 152 p. (In Kazakh).
- 6 Organisation for Economic Co-operation and Development (OECD). Access to Justice and ADR Mechanisms in Civil Disputes. Paris: OECD Publishing, 2023, 112 p. (In English).
- 7 Waters B. (2022) Alternative Dispute Resolution and Civil Justice: A Relationship Resolved? // The International Journal of Arbitration, Mediation and Dispute Management. Vol. 88, no. 1, pp. 3–33. (In English).
- 8 Ancel P. (2020) La procédure participative: un mode amiable de résolution des différends. Paris: Dalloz, 245 p. (In English).
- 9 Cortés P. (2023) Embedding Alternative Dispute Resolution in the Civil Justice System: A Taxonomy for ADR Referrals and a Digital Pathway to Increase the Uptake of ADR // Legal Studies, vol. 43, no. 2, pp. 211–230. (In English).
- 10 Albert R. (2023) Global Values in National Constitutions. Oxford University Press, 312 p. (In English).
- 11 Mazaraki N., Tsvina T. (2024) Creating an Effective Mediation Scheme for Business-Related Human Rights Abuses: The Case of Ukraine // Business and Human Rights Journal. Vol. 9, special Issue 1, pp. 129–149. (In English).

ЕСЕНБЕКОВА П.Т.,*¹

М.Ю.Н., ст. преподаватель.

*e-mail: pyesenbekova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0894-3279

¹Южно-Казахстанской
университет им. М. Ауезова,
г. Шымкент, Казахстан

РОЛЬ ПАРТИСИПАТИВНЫХ ПРИМИРИТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕДУР В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Аннотация

Исследование посвящено анализу сущности, правовой природы и практики применения партисипативной процедуры примирения в гражданском судопроизводстве Казахстана. Актуальность темы обусловлена ростом числа гражданских дел, необходимостью снижения судебной нагрузки и развитием альтернативных способов разрешения споров. Цель исследования – определить структуру, эффективность и роль партисипативного примирения в гражданском процессе. Основная идея заключается в создании эффективного и гуманного механизма достижения взаимных договоренностей путем переговоров с участием адвокатов сторон. Научная и практическая значимость работы состоит в обосновании того, что партисипативная процедура позволяет разрешать споры быстрее, дешевле и цивилизованнее. Методология включает сравнительно-правовой, системно-структурный, историко-правовой и аналитический методы. Рассмотрены модели Франции, Германии и Канады и их сопоставление с казахстанской системой. Основные результаты показывают, что, несмотря на высокий потенциал, применение процедуры осложняется недостаточной нормативной регламентацией, низким уровнем правовой культуры и неравномерной профессиональной подготовкой адвокатов. Процедура способствует снижению нагрузки на суды и сохранению социального баланса между сторонами. Ценность исследования заключается в определении роли партисипативного примирения в гуманизации правосудия. Практическая значимость выражается в предложениях по совершенствованию законодательства, профессиональной подготовке и правовому просвещению.

Ключевые слова: партисипативная процедура, гражданский процесс, альтернативное разрешение споров, адвокат, правовая культура, судебная реформа.

YESSENBEKOVA P.,*¹

master of law, senior lecturer.

*e-mail: pyesenbekova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-0894-3279

¹M. Auezov South Kazakhstan University,
Shymkent, Kazakhstan

THE ROLE OF PARTICIPATORY CONCILIATION PROCEDURES IN CIVIL LITIGATION

Abstract

This study examines the essence, legal nature, and practical application of participatory conciliation procedures in civil litigation in Kazakhstan. The relevance of the topic stems from the increasing caseload, the need to relieve courts, and the growing demand for alternative dispute resolution mechanisms. The aim of the research is to determine the structure, effectiveness, and procedural role of participatory conciliation within civil proceedings. Its core idea is to promote a cooperative mechanism enabling parties, assisted by their lawyers, to reach mutually acceptable agreements. The scientific and practical significance lies in demonstrating that participatory conciliation promotes faster, more cost-effective, and humane settlement of disputes. The methodology involves comparative-legal, system-structural, historical, and analytical approaches. Foreign models from France, Germany, and Canada are assessed and compared to national practices. Key findings suggest that despite significant potential, implementation is hindered by insufficient regulation, inconsistent professional training, and low legal awareness. The procedure helps reduce court workloads and preserve social balance between parties. The study's value is in identifying participatory conciliation as a tool for humanizing civil justice. Its practical relevance lies in recommendations for legislative refinement, professional training enhancement, and public legal education.

Keywords: participatory conciliation, civil procedure, ADR, attorney, legal culture, judicial reform.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 31.10.2025